



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 39/735

01 октября 2021 года

## Вестник

Баспасөз қызметі хабарлайды

### ҚАЛАДАҒЫ СОҢҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР

**«Жер-2021»: Командалық штаб жаттығулары.** Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша іс-қимылдарға азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін жетілдіру мақсатында, Приозерск



қаласының азаматтық қорғау қызметтері 21-22 қыркүйек аралығында "Жер-2021" халықаралық командалық-штабтық оқу-жаттығуына қатысты. Оқу-жаттығу шеңберінде азаматтық қорғаудың жеке құрамы, техникасы мен жабдықтарының саптық тексеруі, оқу-түсіндіру жұмыстары және жеке құрамның тұрақты орналасқан жерінен оқу орындарының орнына баруы ұйымдастырылды. Жалпы 7 құрылым, 56 адам және 18 бірлік техника қатысты.

**Айбыны тасыған алау сезімдер.** Әлемді дүр сілкіндірген COVID-19 індетінің біздің елімізде де белең алуына орай, биылғы VII Республикалық «Айбын-2021» әскери-патриоттық жиыны өткен жылғыдай онлайн-форматта ұйымдастырылып өткізілетіндігі белгілі болды. Аталған әскери-патриоттық жиынның өткізілуі қарсаңында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің «Астана» өңірлік қолбасшылығы 06708 әскери бөлімінің «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубының жетекшілігімен Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «№1



жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ерлік сабағы өткізілді. Коронавирус инфекциясына қарсы санитарлық талаптарды сақтай отырып, Республикалық «Айбын» әскери-патриоттық жиыны тақырыбына арналған «Батылдык! Ептілік! Мықтылық!» атты ерлік сабағын мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Медетов Нұржан Қасқырбайұлы ашып берді. Алдымен «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубының жетекшісі, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің азаматтық персоналы Кенжебеков Тілек Алшымбекұлы сөз алды. Бас қосқан ортада жетекші Т.Кенжебеков Республикалық «Айбын» әскери-патриоттық жиынының тарихына терең үңіліп, қандай мақсатта ұйымдастырылып өткізілетіндігіне көңіл бөлді. Өз ойын одан әрі өрбіткен клуб жетекшісі Тілек Алшымбекұлы: «Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-



Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «XXI ғасырдағы Қазақстанды биік белестерге сіздер сияқты білімі озық, ойы ұшқыр жастар бас-тау керек» - деген болатын. Сондықтан да, сіздерге нағыз өз Отанының шынайы патриоты болуы үшін сабақты үздік бағамен үлгеріп, өнегелі тәрбиемен болашақта Тәуелсіз Қазақстанның саналы азаматы болып қалыптасуға ұмтылу қажет!» - деп, сөйлеген сөзін қорытындылады. «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубының тәрбиеленушілері мектеп оқушыларының қатарынан жасақталғандықтан, ерлік

сабағын өткізу барысында іс-шара куәгерлеріне Республикалық «Айбын» әскери-патриоттық жиынына қатысқан және мектеп оқушыларының жеңісті жолдарына арналған естелік бейнежазба көрсетілді.

**Тоғызқұмалақ-қазақтың ұллық ойыны.** Қазіргі Жер бетіндегі тыңғылы жаңалықтар мен озық технологияның жетістіктеріне күн сайын куә болып жүрген адамзат баласы, оның жедел түрде қарқынды дамуымен жарыса ой-санасы жетіліп жатқан мына заманымызда ұрпақтың ой қабілетінің өсуіне зор мән беріп, оның ақыл парасатын жетелей жетілдіруге назар аударуды ауадай қажет деп санайды. Жас жеткіншектің ой-өрісін дамытуға, оларды тапқырлыққа баулитын құралдардың ката-



сынамақшы. Ендеше, әскери ортада өткен ұлттық өнер сайысында жеңістің биік тұғырына көтерілген Алинаға сәттілік тілейміз! Халқымыздың ұлттық өнерін дамыту жолында алдыңғы қатардағы орындардан көріне беруіңе тілектеспіз!

**Қала кәсіпкерлерімен жиналыс.** Приозерск қаласының әкімі Сапар Сатаев қаланың кәсіпкерлерімен жұмыс кездесуін өткізді. Кездесу барысын барлық санитарлық нормаларға сәйкес өтті. Кездесудің мақсаты - «Сарышаған Сужылу-2014» ЖШС кәсіпкерлік объектілеріне сумен жабдықтау мен жылумен жабдықтаудың жаңа тарифін түсіндіру болды.

**Мемлекеттік рәміздер бойынша семинар.** 2021 жылдың 28 қыркүйегінде Приозерск қаласына құрамында - Ш.М. Кабулова, К.А. Садырбаева, Д.К. Омарбеков және И.Е. Шербакова бар ҚР Мемлекеттік рәміздерін пайдалану және насихаттау мониторингі жөніндегі облыстық инспекциялық топ келіп кетті. Мемлекеттік мекеме басшыларының көптеген өтініштері бойынша сараптама тобының мүшелері Приозерск қаласы әкімі аппаратының акт залында Мемлекеттік органдардың басшылары мен қызметкерлеріне Мемлекеттік рәміздер мәселелері бойынша семинар-тренинг өткізді. Жиын модераторы - Ш.М. Кабулова, мемлекеттік нысандар бойынша облыстық эксперттік комиссия мүшесі. Семинарға қатысушыларға ҚР мемлекеттік рәміздерін насихаттау және қолдану бойынша ақпараттық-әдістемелік материалдар ұсынылды. Модератор іс-шараға қатысушылардың назарын мемлекеттік рәміздерді насихаттау және қолдану саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге аударды. Сондай-ақ, Мемлекеттік Туды, Мемлекеттік Елтаңбаны насихаттау және қолдану барысындағы ескертулер талқыланды. Жиын соңында Ш.М. Кабулова биыл елдігіміздің ең басты мерекесі - ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы екендігін атап өтті. Қазақстан егемендік жылдарында халықаралық аренада танымал, өркендеген, дамушы елге айналды. Сондықтан да, мемлекеттік рәміздер - біздің Тәуелсіздігіміздің ажырамас бөлшегі.

Приозерск қаласы әкімінің баспасөз қызметі

#### Қызықты кездесулер

Қыркүйек айының 29-жұлдызы, сәрсенбі күні Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «№1 жалпы білім беретін мектебі» Коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Өнегелі өмір» жобасы аясында өлең-жырды өміріне серік еткен қаламыздың ақыны, Қазақстан Республикасы журналистер Одағының мүшесі, бірнеше жыр жинақтарының авторы Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабековпен кездесу ұйымдастырылды.



Кездесуге 9 және 10 сынып оқушылары қатысты. Кездесудің мақсаты: ақынның өнегелі өмір жолын өскелең ұрпаққа өнеге етіп, жастардың кітап оқуға құлшынысын арттыру. Кездесу барысында оқушылар ақын өмірі және шығармашылығымен, адами болмысы мен рухани әлемімен жақын танысуға

мүмкіндік алды. Ақынның жүрегін жарып шыққан жырларын тыңдап, ақын өлеңдерімен рухани сусындады. Оқушылар тарапынан Н.Қарабековке сұрақтар қойылды және әрбір сұраққа тұщымды да, тыңғылықты жауап қайтарылды. Кездесу қатысушыларға оң әсерін тигізді.

Н.ӨТЕП,  
Суретте: кездесуден көрініс,  
Приозерск қ.

#### А Қ Ы Н М Е Н К Е З Д Е С У





## ҚАРТТАРЫМ, АМАН-САУ ЖҮРШІ !

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1990-жылдың 14-желтоқсанындағы шешімі бойынша 1-қазан – халықаралық қарттар күні деп белгіленіп, жыл сайын бүкіл әлемде аталып өтілетіні белгілі. БҰҰ-ның осы мәселе бойынша резолюциясы қоғамның қарт мүшелеріне деген қарым-қатынасты өзгертуге, аға буынға медициналық қызмет көрсету мен әлеуметтік қолдауды жақсартуға, оларды жұмыспен қамту және табысын молайтуға бағытталған. Біздің ойымызша, қабылданған резолюцияның маңызды тармақтарының бірі – қарт адамдар қоғамның дамуына өз үлестерін қоса алатынын мойындау болып табылады. Ол шындығында солай. Біз бұған қаладағы ардагерлерімен қарым-қатынаста болу барысында көз жеткіздік. Олар белсенді өмірлік позицияны ұстанады, мемлекет басшысының ішкі және сыртқы саясатын, оның жүзеге асырылып жатқан реформаларын қолдайды, өткізілген сайлау науқандарына қатысады: сайлау алдындағы штабтарын басқарады, үміткерлердің сенімді тұлғалары болып жұмыс істейді, ең бастысы, дауыс беруге бәрінен бұрын келіп, бұқара топтарына жақсы үлгі көрсетуде. Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, өзінен кейінгі ізіне ерген інілеріне ізеттігін аямайтын, ізінен ерген ұрпағына ұлылығын ұялатып, бір қауымға бас-көз бола білген ауыл қарттарының орны ерекше, олай болса әр халықтың бойында ықылым заманнан бері қалыптасып оны өзгелерден даралап тұратын, тек өзіне ғана тән қасиеттері болады.

Біздің халқымыздың сондай ерекшеліктерінің бірі – үлкенді сыйлау, оның сөзіне құлақ асу. Қазақ қарты жасына лайық ауызы дуалы, сөзі берекелі, ісі тыңғылықты ойы терең ақылы тереңі теңіз болып келеді. Адамдар арасындағы қарым-қатынаста адамгершілік, әдеп, инабат үрдістерінің қаншалықты кең жайылып, терең тамырлануы, ең алдымен олардың жекелеген отбасында өркен жаюына яғни баланың

ата-анасын жан-жүрек қалауымен, саналы түрде ардақтап инабат тағылымымен үлкендерге деген қарым-қатынастарында оны мүлтіксіз жүзеге асырылуына байланысты. Қарттарды құрметтейтін олардың алдындағы перзенттік парызын үлкен ынтамен орындамайтын әдептілік кішіпейілділік сергек сезімталдық көрсетпейтін бұл қасиеттер қанына сіңіп, жүрегіне ұяламаған ұрпақтан не опа, не қайыр?



Адамның өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі – баланың ата-анасын ардақ тұтып өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Өз отбасынан жылу таппаған қаншама қарттарымыз қарттар үйлерінде өмірлерін жалғастыруда. Бұл дегенің, біздің қазақ ұлтына үлкен сын және мін. Мұндай опасыздыққа әсте жол беруге болмайды.

Қаламыздағы ардагерлер ұйымында, басқа да қоғамдық бірлестіктерде жұмыс істеп қана қоймай кәсіпкерлікпен, бизнеспен, түрлі ұйымдар мен мекемелерде

мамандығы бойынша жұмыс істейтінін айта кеткен жөн. Қарттар күні – жарқын да, ізгі, ерекше мейрам. Бұл күні біз ата-анамызға, ата-әжелерімізге ыстық ықыласымызды білдіреміз. Мейрамды атап өту – қазіргі қоғамдағы аға буынның көптеген мәселелеріне, олардың кейбіреулеріне материалдық және моральдық қолдау көрсетуге назар аудартуға септігін тигізеді. Біздің қаламызда да осы күнді атап өтудің ерекше дәс түрі қалыптасқан. Халықаралық қарттар күні – бұл аталар мен апалардың, ата-аналардың, бір-бірінің қадірін білетін жақын адамдардың мерекесі. Бұл – жан дүниенің жомарттығы мен адамдық даналықтың, азаматтықтың кемел шағына деген құрмет. Ардагерлер қажеттілігінен алшақ қалмай, үлкендерге құрмет көрсету халықтың мәдениеттілігін сипаттайтын негізгі белгі. Халқымызда «Қартын сыйлаған елдің қазынасы мол» деген ұлағатты сөз бар.

Зымыраған сағат тілінің шексіз тықылдап соғуына мән бермеген біз уақыттың қалай жылдам өтіп кеткенін сезбей қалыппыз. Енді міне, алдымызда 1-қазан – қарттар күні мерекесі жақындап қалыпты. Міне, бұл күн саналы ғұмырларын «Отан!» - деп, «Ел-жұртым!» - деп тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын аға-апаларымыздың төл мерекесі. Олардың жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына. Біздің ата-бабаларымыздан бізге жеткен көптеген ұлағатты, ғибрат аларлықтай, тамаша тәлім-тәрбие берерліктей өсиет сөздер бар. Баланың рухани өсуіне ата мен әженің ықпалы зор. Олар ең алдымен балаға тіл игеруге көмектеседі. Көшеде жүргенде ортадан үйренген қолайсыз сөздерге тыйым салады. Бұның бәрі – тәрбие. Осындай қазыналы қариялар біздің қаламызда да баршылық. Атап айтқанда Мұхамбетияр, Сайлау қажы, Әділхан, Фахредин, Есен, Қырым секілді ағаларымыз

және олардың ізін басып келе жатқан өзге де қала қарияларының өнегелі сөздері мен өткен өмірлері өскелең ұрпаққа үлгі.

Ақылдың кені болған осындай ата-әжелерімізді төл мерекелерімен газет редакциясы атынан хәм өз тарапынан құттықтай отырып, дендеріне саулық, бастарына бақ-береке, ұзақ өмір, шатшадыман көңіл, немере, шөберелер мен ел-жұрт алдындағы қазыналы қарттықтың бақытын тілейміз! Қазыналы қарттарымыздың аман-саулығын тілей отырып, оларға деген сый-құрметімізді төмендегі жыр жолдары арқылы білдіреміз!

**Өмірінің өткен көктем, жазы да,  
Болған кеше батыр мен би, қазы да.  
Самайларын қырау шалған қарттарым,  
Бүгіндері ұрпақтарға қазына.**

**Бәсең желдің ызыңы бар әз-үнде,  
Бұл қарттарың ұста келер әзілге.  
Өткен күндер шежіресі жазулы  
маңдайдағы шимайланған әжімде.**

**Көрген қызық, қиындық та өмірде,  
Қанша сыр бар кір шалмаған көңілде.  
Ұрпақтарын бәліғатқа жеткізіп,  
Отырар қарт үйінің кең төрінде.**

**Қартқа сәлем берер бек те, төре де,  
Алар одан өсер ұрпақ өнеге.  
Үйден ұзап шыға қалса бір мезет,  
«Аташым» деп сағынады немере.**

**Немерелер күтер одан ертегі,  
Қариялар қилы әңгіме шертеді.  
Сонау қалған күндерінде сан тарау,  
Аралаған олар байтақ өлкені.**

**Қарт – қадірлі саған және маған да,  
Жеткізген де солар мына заманға.  
Ешқашанда мұң шалмасын жүзгерің,  
Көнекөздер аман болсын, әманда!**

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

### Ұстаздық еткен жалықпас..!

Кешеге шейін көптеген кәсіби мерекелердің ішінде біздің күнтізбеміздегі кәсіби мереке – Дүниежүзілік мұғалімдер күні қазан айының бірінші жексенбісінде аталып өтті. Қазіргі таңда Халықаралық мұғалімдер күні 5-қазанда атап өтеледі. Айта кету керек, бұл мереке күні кездейсоқ тандалмаған. 1966-жылы 5-қазанда Парижде мұғалімдердің мәртебесі туралы арнайы ұкіметаралық конференцияда бекітілген. Аталған кәсіби мерекені еліміздегі мұғалімдермен қатар, біздің Приозерск қаласының мұғалімдері де әр жылы тойлап келеді.



Бұл күні мектепті ұзақ уақыт бұрын бітірсеңіз де, мұғалімдерін құттықтау дәстүрі бар. Әрқайсымызға жеке тұлға ретінде қалыптасуға көмектескен мұғалімдерді ұмытпауға тиіспіз. Өздерінің ерен де жанқиярлық еңбектерімен мұғалімдер өз мерекелерін тойлауға лайық. Бұл күні кемінде жылына бір рет біздің қоғамымыз барлық деңгейдегі жоғары сапалы білім беру саласындағы мұғалімдердің рөлі мен еңбегін атап өтуі тиіс. Осы күні бүкіл республика мектептерінде салтанатты шаралар өткізіледі. Мұғалімдер өздерінің оқушыларынан, ата-аналардан, әріптестерінен және түрлі дәрежедегі лауазымды тұлғалардан құттықтаулар алады. Олар үшін мерекелік концерттер мен көңілді қойылымдар ұйымдастырылады. Оқушылар мұғалімдерге тәттілерді, гүлдер мен сыйлықтарды береді. Бүгінгі күні балалар әсем қабырға газеттерін өздерінің ұстаздары үшін арнайы мерекелік көңіл-күймен дайындайды. Сондай-ақ, еліміздің көптеген мектептерінде студенттер өзін-өзі басқару күнін өткізеді, ал мұғалімдердің демалуға мүмкіндіктері бар.

## МҰҒАЛІМ – МАҢЫЗДЫ МАМАНДЫҚ!

Осы жерде «Мұғалім дегеніміз кім?», - деген сауалға жауап беруге тырысып көрейік. Өкінішке орай, кеңестік жүйе құрдымға кеткеннен кейінгі жылдары барлық білім саласы қиын жағдайға тап болды. Мұғалімдер аз жалақы алады, бірақ олар көп жұмыс істейді. Сонымен қатар, олар жиі қалыпты еңбек жағдайларының жоқ-тығына тап болды. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарының жас түлектері мамандандырылған мектепте жұмыс істеуді қаламайды. Олар өздеріне ұнамаса да, қаржыны мол төлейтін мамандықтар бойынша ақша табуға тырысады. Қазірге шейін біздің мектептерде көптеген зейнеткерлер жұмыс істеп келді. Өкінішке орай, біздің елдегі мұғалім мамандығы беделді деп саналмағаны жасырын емес.

Мұғалімдік мамандық үшін жоғары педагогикалық білім алу қажет. Аталған мамандық иесі тек мектепте ғана емес, мәдениет және қосымша білім беру мекемелерінде де жұмыс істей алады. Сонымен қатар бүгінгі күні сұранысқа ие болатын репетиторлықпен айналысуға мүмкіндігі бар. Бұдан көп жылдар бұрын тәлім-тәрбие алған көпшілігіміз мектеп жылдарын күлімсіреп есіке аламыз. Барлығымыздың мектеп-



те сүйікті ұстаздарымыз болған. Сондай жандардан тиянақты білім алғанымыздың арқасында біздер көптеген жетістіктерге жеткенімізге масаттанамыз, сол ұстаздарымызды мақтанышпен, сағынышпен еске аламыз. Өз басым алғашқы ұстазым Нұр-

лыбай Шамұратовты, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен дәріс берген Карл Құлманнов, Кенжеғали Қойтбаев, Сатыбалды Айдарбеков, тарихшы Қалдарбек Әсілбекұлы, математик Әлия Нұрмова секілді ұстаздарымды ұмытқан емеспін. Мұғалімдер мен мұғалімалардың қатаң жұмысы, тынымсыз еңбегі әрине, алғыс айтуға лайық.

Мұғалімнің жұмысы үлкен шыдамдылық пен адалдықты қажет етеді. Мұғалім кәсіби тұрғыда үздіксіз жақсарып, үйреніп отыруы керек. Ол өзі өтетін тамаша тақырыбын біліп қана қоймай, сонымен қатар қол жетімді нысанда шәкірттерге оны жеткізуге қабілетті болуы тиіс. Жақсы мұғалім сабақ өтумен шектелмей, оқушыларының өмір сүру қабілетін реттеуге, тәрбиелеуге және ата-аналармен тығыз қарым-қатынасқа мүдделі болуы шарт. Шынайы мұғалім оқушыларына достық қарым-қатынаста болады және оларға түсініксіз жәйттерді ұғындыруға көмектеседі. Әр балаға жеке көзқарас қалыптастырып, мінезін кінгіл табуы керек. Мұндай адам өз міндеттерін орындаудан қорықпайды. Мұғалім ұқыпты, ұйымдастырғыш, сыпайы және қамқор болғаны жөн және өз жұмысының нәтижесіне жауапты болуы қажет. Сондай-ақ, жақсы мұғалім икемді, шығармашылық қабілеті зор, әдептілік және төзімділік сияқты қасиеттерімен ерекшеленеді. Сыныптағы оқушыларға сабақ пен жаттығулардың қызықсыз болмағанына көз жеткізіп, өтілген сабақтың қызықты болуына тырысу керек. Сонда оқушылар өз сыныптарына баруды қалайды, мұғалімі олардың досы мен дана тұлғасы екеніне көз жеткізіп, мейірімді ұстазын көре алады. Нағыз мұғалім болу үшін бала психологиясы мен педагогикасын жақсы түсіну керек. Білім саласындағы тамаша маман болу жеткіліксіз, мұғалім үшін ең маңыздысы – балаларға деген сүйіспеншілік. Онсыз, қажетті нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес.

Бүгінгі таңда қаламызда № 1 толыққанды қазақ мектебі мен № 2 аралас мектеп жұмыс істеп, жас ұрпақты білімге баулуға. Аталған мектептерде білімі мен білігі мол, тәжірибесі тасыған, талай шәкірті пән олимпиадаларында жүлдегер болған, қалаға танымал ұстаздар жетіп артылады. Солардың арасында қазақ тілі мен әдебиеті пәні-

нің оқытушысы, жоғарғы санатты ұстаз Фарид Керімбекқызы Амантаева, 40 жыл ұстаздар сапындағы Узулай Байтайқызы Бажарханова, бірінші санатты мұғалім Бақытжан Анафияұлы Исаков, бірінші



санаттағы оқытушы-сарапшы Гаухар Амангелдіқызы Кожумова, отыз екі жылын балалар білімі мен тәрбиесіне арнаған Стась Лариса Петровна, 45 жылдық еңбек өтіліне ие, 2015-жылы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Құрмет грамотасын алған Таирова Шахсия Ансаровна, тәжірибелі ұстаз Асылгүл Сәрсенбаева және 2018-жылы «Жыл мұғалімі-2018» қалалық жалпы білім беру мектеп педагогтары арасында ұйымдастырылған байқаудан Бас жүлдені жеңіп алған, ұстаз, ақын, көптеген жобаларды өмірге әкеліп, заманға лайық ұрпақ қалыптастыру жолында ізденіш мұғалімі Маржанкүл Хожабекқызы Хизировалардың есімдерін құрметпен атауға болады.

Еліміздің болашағын қалыптастыратын өскелең ұрпақты білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беріп жүрген қаламыздағы мұғалімдер қауымын газетіміз атынан кәсіби мерекелерімен құттықтай отырып, зор денсаулық, қажымас қайрат, ұстаздық жолдарында зор жетістік, мол творчестволық табыс тілейміз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің арнаулы тілшісі.  
Суреттерде: ұстаздар М.Хизирова,  
С.Шамкенова, А.Сәрсенбаева



## МУҒАЛІМДЕР ҚҰРМЕТІНЕ АРНАЛДЫ

Өткен аптаның соңына қарай Қарағанды облысы білім басқармасы Приозерск қаласы білім бөлімінің ұйымдастыруымен қаламыздағы «Достық» балалар мен жасөспірімдер сарайында пандемияның кесірінен екі жылғы үзілістен кейін «Мұғалімдер күні» мерекесіне арналған «Ұстаз деген – ұлағатты ұлы есім» аталған салтанатты жиын болып өтті. Дегенмен, жиналғандар сақтық шараларын мейлінше жасап, талапқа сай болуға тырысты.

Жүргізушілер Айдана Жакупова мен Әлия Мұхаметжанова салтанатты жиынның ашылуын хабарлағаннан кейін, сахна шымылдығы «Балбырауын» домбырашылар ансамблінің орындауындағы күймен ашылды. Қала әкімі мұғалімдерді кәсіби мерекелерімен құттықтап, Жаңа Қазақстандық қоғам құру ісіндегі табысты еңбегі және қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысқаны үшін Приозерск қаласы әкімінің Алғыс хатымен «Еркетай» шағын орталығының тәрбиешісі Индира Қарикқызы Манкебаева, «Айналайын» бөбекжайының музыка жетекшісі Марс Әбуұлы Сүлейменов, «Балақай» бөбекжайының тәрбиешісі Марина Жақсылыққызы Пазылова және «Балбөбек» бөбекжайы директорының міндетін атқарушы Эльмира Бердіқұлқызы Жүзімова марапатталды. Сондай-ақ, «Еркетай» шағын орталығының тәрбиешісі

Зәуре Әбдібайқызы Бұхарбаева, «Айналайын» бөбекжайының тәрбиешісі Халия Бағыспекқызы Саққұлова және «Балбөбек»

Өз кезегінде құттықтау сөз сөйлеген Приозерск қалалық мәслихатының хатшысы Бекзат Мұқсинұлы Сәрсембекова «Бала-



бөбекжайының тәрбиешісі Әсемгүл Зейнадинқызы Зейноллаевалар қала әкімінің Құрмет грамотасына ие болды.

қай» бөбекжайы директорының міндетін атқарушы Гүлжанат Ирсайотқызы Исиркова мен «Айналайын» бөбекжайының

### Мұғалімдер күніне орай

директоры Айтқұл Жеңіскызы Құлмағамбетоваға Алғыс хаттар табыстады. Сонымен қатар Приозерск қаласы білім бөлімінің басшысы Гуля Кеңесқызы Қасымова әріптестерін төл мерекелерімен құттықтай отырып, білім саласын дамытуға қосқан зор үлесі, өскелең ұрпаққа өнегелі тәрбие мен сапалы білім берудегі жоғары жетістіктері мен шеберлігі үшін «Айналайын» бөбекжайының тәрбиешісі Бекзат Бақсұлтанқызы Кенжебаева, «Балақай» бөбекжайының тәрбиешісі Жанат Ялғашбекқызы Абулова және «Балбөбек» бөбекжайының әдіскер-тәрбиешісі Балнұр Мұратқызы Сарманованы Приозерск қаласы білім бөлімінің Алғыс хатымен, «Балақай» бөбекжайының тәрбиешісі Айнагүл Эрмаханқызы Каримбаева, «Балбөбек» бөбекжайының тәрбиешісі Гүлмира Алибекқызы Уринбаева және «Айналайын» бөбекжайының тәрбиешісі Амина Амангелдіқызы Досаеваларды Құрмет грамоталарымен марапаттады.

Салтанатты жиын соңы мерекелік концертке ұласып, әннен, би мен күйден шашу шашылды және сахналық қойылым көрсетілді. Өздерінің кәсіби мерекелерінің салтанатына жиналған білім саласының қызметкерлеріне көтеріңкі көңіл-күй сыйланды.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**  
Суретте: салтанатты жиыннан көрініс

### Плодотворный труд

В преддверии профессионального праздника, «День учителя», хочу представить читателям одного из лучших педагогов нашего коллектива - преподавателя казахского языка и литературы КГУ «общеобразовательная средняя школа № 1» отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области Хизирову Маржанкул Хожабекқызы.

«Как учитель непрерывно повышает свои знания, тогда он – учитель, а как он перестает учиться, если перестал искать, его учительство исчезнет», - сказал великий ученый К.Д.Ушинский. Это высказывание в полной мере подтверждает жизненный путь и педагогическая деятельность М.Х.Хизировой.

Маржанкул Хожабекқызы - член Союза писателей, автор сборника стихов "Сейілт-ші, жүрек, мұнымды", и автор «Жыр жауһарлары», поэт, написавший и защитивший авторскую программу «Будущий поэт, давай учиться писать стихи». Как опытный учитель, она регулярно проводит внеклассные вечера, тренинги, встречи со школьниками, а также курирует проведение в школе проекта «Школа молодых поэтов», акции «Одна семья – одна книга», и мероприятия НИШ. Под её руководством учащиеся, принявшие участие в областном айтысе «Жыр алыбы – Жамбыл», заняли призовые II, III места, а также стали победителями городского и областного конкурса чтецов, и были награждены дипломами. В качестве учителя казахского языка и литературы, подготовленные ею к городским, областным предметным олимпиадам ученики, также заняли I, III места. Так как верно сказано, что «если учитель талантлив, то и ученик будет требовательным», то можно говорить о достижениях М.Х.Хизировой, которые характеризуют его как талантливого учителя.

В 2017 году она получила удостоверение члена Международного Союза писателей, а осенью того же года в октябре месяце, в издательстве «Сеп» г.Алматы вышел первый сборник стихов. В 2018 году на фестивале школьников и юношества, проводимом в рамках Национальной прог-

раммы «Рухани жаңғыру» Международным Казахским Творческим Объединением «Бейбітшілік әлемі», М.Х.Хизирова была отмечена Благодарственным письмом и медалью «Бйырай Алтынсарин» за получение ученицей школы «Гран-При», которая высоко оценила неоценимый труд молодого поколения во имя процветания страны, укрепив дружбу и сотрудничество между народами.

В 2018 году М.Х.Хизирова стала «Учителем года - 2018» и получила сертификат на 100 000 тенге за «Гран-при» конкурса среди педагогов городской общеобразова-



овательной школы, а в ноябре месяце была награждена Благодарственным письмом за активное участие в областном конкурсе учителей года.

В 2018 году руководством школы №1 был отмечен плодотворный труд педагога в систематическом проведении мероприятий НИШ, М.Хизирова была удостоена диплома III степени областного конкурса «Методический вернисаж распространения методического опыта Назарбаев Интеллек-

туальной школы». В том же 2018 году она была отмечена Благодарственным письмом за подготовку и за занятое учащимися призовое место в III областной олимпиаде «CLEVER», и поощрена благодарственным письмом акима города Приозерск, за успехи в воспитании сознательного поколения.

В 12 октября 2018 года приняла участие в V Международной научной конференции «Инновации в образовании: поиск и решения» проходившей в г.Астана (ныне г.Нур-Султан), а также приняла участие в республиканской научно-практической конференции им. О.А.Байқонурова, который входит в

те в республиканской научно-практической конференции по технологиям К.Битибасовой в г.Усть-Каменогорск. В честь празднования Дня Независимости удостоена медали "Заслуженный работник образования Карагандинской области". В 2019 году, за подготовку учащихся по всем номинациям областного конкурса «Ақберен», М.Хизировой было вручено Благодарственное письмо от управления образования Карагандинской области. В 2020 году от областного научно-практического центра «Сарыарқа дарыны» был вручен сертификат за участие в научной работе учащихся на тему «Қадыр Мырза Әли өлеңдеріндегі кірме сөздер мен орыс тілінен енген сөздер». В декабре 2020 года приняла участие в республиканской научно-практической конференции «Современный учебник и образовательные ценности» (онлайн).

В марте 2021 года семья, представившая школу в областном конкурсе по возглавляемой ею акции «Одна семья – одна книга», заняла призовое место и была награждена Благодарственным письмом.


В апреле 2021 года талантливая учительница Маржанкул Хожабекқызы Хизирова, благодаря своему трудолюбию и лобознательности, выпустила авторскую программу «Өлең жазып үйренейік, болашақ ақын». Хизирова Маржанкуль Ходжабекқызы также ведет активную деятельность в социальных сетях, где информирует читателей о новостях и событиях современной школы, публикует свои статьи.

В целях формирования личного бренда учителя в сети Фейсбук, Инстаграмма Хизировой Маржанкул Хожабекқызы создана страница «marjan\_akun». Это также открывает новые грани развивающегося любознательного учителя. Ведь наш талантливый учитель всегда держит руку на пульсе современных тенденций развития общества, и сам активно способствует их формированию, является участником множества курсов, отвечающих вкусам требовательных учеников и ориентирует их на всесторонний духовный рост.

**Куралай ИБРАЙМОВА,**  
заведующая методическим кабинетом.

*Если учитель имеет только любовь к делу, он будет хороший учитель. Если учитель имеет только любовь к ученику, как отец, мать, — он будет лучше того учителя, который прочел все книги, но не имеет любви ни к делу, ни к ученикам. Если учитель соединяет в себе любовь к делу и к ученикам, он — совершенный учитель.*

(Лев Толстой)



*Школьные учителя обладают властью, о которой премьер-министры могут только мечтать.*  
(Уинстон Черчилль)

*Учитель, могущий наделить своих воспитанников способностью находить радость в труде, должен быть увенчан лаврами.*  
(Лафайет Хаббард)

*Многому я научился у своих наставников, еще большему у своих товарищей, но больше всего — у своих учеников.*

(Мудрецы Талмуда)

*Чтобы быть хорошим преподавателем, нужно любить то, что преподаешь, и любить тех, кому преподаешь.*

(Василий Ключевский)





## Әлихан Бөкейхановтың туганына 155 жыл



Біздің жерлесіміз, қазақтың ұлтшыл азаматтарының басын қосып, ұлы далада алғашқы «Алаш» партиясын құруға мұрындық болған және бар өмірін қазақ елінің бостандығы мен тәуелсіздігіне арнаған Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым, ұлт-азаттық қозғалысының теориялық негізін салушы әрі көсемі, қазақтың тұңғыш саяси партиясын ұйымдастырушы және Алашорда үкіметінің төрағасы. Туған жері – бұрынғы Семей облысындағы Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысы, қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданы. Ата тегі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы. Арғы атасы – атақты Көкжал Барак. Қазақтың соңғы хандарының бірі Бөкей хан – осы Көкжал Барактың баласы. Бөкейден Батыр, одан Мырзатай, одан Әлиханның әкесі – Нұрмұхамед.

Әлиханды әкесі тоғыз жасында Қарқаралыға апарып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ зерделі бала молдадан оқығандардан гөрі осындағы

мектепте оқып жүргендердің сауаттылығын аңғарып, қаладағы үш класстық бастауыш мектепке өз еркімен ауысып алады. Бұдан кейін ол Қарқаралы қаласының үш жылдық училищесіне түсіп, оны да «өте жақсы» деген бағамен бітіріп шығады. Осыдан кейін он алты жасар Әлихан Омбының техникалық училищесіне қабылданады. Төрт жыл бойы үздік оқыған алғыр шәкіртіне риза болған училище басшылары оның оқуын әрі қарай жалғастыруына мүмкіндік жасайды. Сөйтіп, ол жиырма жасында Дала генерал-губернатор кеңесінің ұсынысы хаты және қазақ қауымдастығының 200 сом стипендиясын алып, Ресейдің астанасы Санкт-Петербургтегі орман шаруашылығы институтына түседі. Ол мұнда жүріп күнделікті сабақтарына қоса студенттердің саяси, әдеби, экономикалық және тағы басқа үйірмелердің жұмысына қызу араласып, студенттік толқуларға қатысады. Оны екі ғасырға жуық Ресей империясының қол астында отырған халқының ауыр тағдыры қатты толғандыра бастайды. Қараңғылық пен надандықтың шырмауында отырған халқына білім мен мәдениет керек екенін ұғады, елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді өзінің алдына мақсат етіп қояды.

Оқуын бітіріп, Омбыға оралғанда Ә.Бөкейханов Ресей империясының қазақ даласына жүргізген отаршылдық саясатына деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, марксизмнің экономикалық қағидаларымен қаруланған, саяси астыртын күрестің түрлері мен әдістерін үйреніп, білген, күрес-тартыстан біршама тәжірибесі бар саяси күрескер болатын. Ол Омбыға келісімен қаланың прогресшіл бағыттағы зиялыларымен, жер аударылғандармен тез тіл табысып, тығыз қарым-қатынаста болады, қаланың саяси әлеуметтік, қоғамдық жұмысына белсене араласады. «Халық бостандығы» партиясының қатарына өтіп,

өзі қазақ зиялылары мен саяси белсенділерінің арасында осы партияның шағын тобын ұйымдастырады. Әлиханның саяси көзқарасының пісіп, жетілуіне, кейін белгілі саяси, қоғам, мемлекет қайраткері, әрі қазақ ұлт-азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы және көсемі ретінде танылуына, саяси күрескер ретінде шыңдалуына Омбыдағы күндері ерекше ықпал етеді.

XX ғасырдың басында қазақ даласында екі ағымның болғаны белгілі. Бірі – Бұхара мен Түркістанға бет бұрған дәстүршіл, панисламшыл ағым, екіншісі – негізінен Батыс өркениетін үлгі тұтқан жаңашыл, пантүркішіл ағым. Осы екінші ағымның басында Әлихан бастаған орыс мектептерінен тәлім-тәрбие алған озық ойлы қазақ зиялылары тұрады. Бұл топ саяси ұстамдылық танытып, Ресей империясына қарсы ашық күреске шығудың әлі ерте екенін анық түсінеді. Сондықтан олар, ең алдымен, халықтың сана-сезімін оятатын жағдай жасау керек деп білді. Бар күш-қуаттарын осы мақсатқа жұмылдырады. Бірақ олардың ойдағыдай жұмыс істеуіне жандармерия басқармасының жансыздары мүмкіндік бермейді. Солардың көрсетуімен қуғынға түседі, түрмеге қамалады. Бұдан студент кезінде-ақ сенімсіздердің қара тізіміне ілігіп, бақылауда жүрген Әлихан да тыс қалған жоқ, алдымен, Семей түрмесіне қамалып, кейін Самар қаласына жер аударылады. 1916-жылы жер аудару мерзімі бітіп, Самардан Орынборға келген Әлихан бірден қаланың қоғамдық, саяси өміріне араласып кетеді. Қаланың қазақ тұрғындары атынан қалалық думаға сайланады. Ол Ақпан төңкерісінен үлкен үміт күтеді. Бірақ ол үміті ақталмайды. Уақытша үкімет, оның ішінде өзі мүшесі болып жүрген кадет партиясының көсемдері қазаққа автономия беруге қарсы болады. Оның үстіне олармен жер мәселесі жөнінде де ымыраға келе алмайды да, ол бұл

партиядан шығып, қазақтан сайланған тоғыз өкілді бастап барып, Томск қаласында Сібір автономистерінің құрылтайына қатысады. Осында болашақ Сібір республикасының құрамында Қазақ автономиясы құрылмақ болады. Құрылтайдан оралысымен Әлихан қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым – Алаш партиясын ұйымдастыруға кіріседі. Артынша, 1917-жылдың желтоқсанында бүкіл қазақтардың құрылтайында Қазақ автономиясы жарияланып, Ә.Бөкейханов сол алғашқы Қазақ автономиялы республикасының тұңғыш төрағасы болып сайланады. Бірақ көп ұзамай жеңіске жеткен большевиктер Қазақ автономиясының жұмысын тоқтатып, басшыларын қуғынға салады. Ә. Бөкейханов Мәскеуге жер аударылады. Онда он жыл үй қамауында отырған Әлиханды 1937-жылдың тамызында қайыра тұтқындап, бір айдан кейін жалған жаламен өлім жазасына кеседі.

Бүкіл мағыналы өмірін халқының азаттық алып, еркін ел болуына арнаған аяулы азаматтың соңғы демі біткенше сол мақсат жолында жасаған қызметі сан қилы. Ол - Ресей жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің делегаты, Ресейдің І Мемлекеттік Думасының және Мұсылман халықтары съезінің депутаты, IV Мемлекеттік Думаның мұсылмандар фракциясының Бюро мүшесі, ғұлама ғалым - ормантанушы, экономист, мал шаруашы-лығын зерттеуді ғылыми жолға қоюшы, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, әрі публицист ретінде қазақ халқының саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлға. Бүгінде ұлы бабамыздың атымен аудан, көше және көптеген нысандар аталады. Еліміз Тәуелсіздігімен тұстас келген тұлғаның мерейтойын еліміздің барлық аймақтарында лайықты атап өтсе ігі.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**  
газеттің арнаулы тілшісі

## Ж А С Т А Р Т Ә Ж І Р І Б Е С І

Ағымдағы жылдың наурыз айынан бастап «Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ-сі Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының 42 қатысушысын 6 ай мерзіммен Жастар тәжірибесіне жолдады. Жастар тәжірибесінің жалақысы 25 АЕК (72925 теңге). Жастар тәжірибесіне алған мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының жиырма тоғыз жастан аспаған және соңғы үш жылғы түлектері үшін арнайы белгіленген. 2021 жылы жастар тәжірибесін өту



барысында өздерін жауапты маман ретінде көрсетіп тұрақты жұмысқа орналасты.

Сәтті жобалар:

Жастар тәжірибесін аяқтағаннан кейін

Қали Әсел Бердыбекқызы Приозерск қаласы әкімдігінің аппаратына статист ретінде жұмысқа орналасты;

Тұрсынбек Айдана Кәдірқызы Приозерск қаласының «Балбөбек» бөбекжайына тәрбиешінің көмекшісі ретінде орналасты; Турганбекова Балнур Жумалиевна Приозерск қаласының «Айналайын» бөбекжайына логопед ретінде жұмысқа орналасты;

Ергалиев Амирхан Батырханұлы Приозерск қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына әдіскер ретінде жұмысқа орналасты;

Цой Сабина Анатольевна Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне есепші ретінде

### «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы

жұмысқа орналасты;

Сабыр Агерке Сексенбайқызы Приозерск қаласының №1 жалпы білім беретін мектебіне тәлімгер ретінде жұмысқа орналасты;

Уразбаева Дамежан Кенжабековна Приозерск қалалық ауруханасына медбике ретінде жұмысқа орналасты.

Жастар тәжірибесіне жолданған азаматтарды тұрақты жұмысқа орналастыру жалғасуда.

**А.К. Ермекбай,**  
«Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ-нің маманы

### Автоматизированная система

С 1 января 2021 года произведен полный переход на Портал социальных услуг. Портал является частью единой информационной системы социально-трудовой сферы и представляет собой платформу, предоставляющую лицам с инвалидностью возможность самостоятельного приобретения средств и услуг реабилитации непосредственно у поставщиков.

Портал предполагает оцифровку 5-и процессов:

- 1) оказание специальных социальных услуг;
- 2) обеспечение техническими средствами реабилитации;

3) оказание услуг специалиста жестового языка;


4) оказание услуг индивидуального помощника;

5) оказание услуг санаторно-курортного лечения.

Со стороны государства предусматривается механизм возмещения стоимости технических средств и услуг реабилитации. Порталом дополнительно предусматривается возможность оплаты при выборе потребителем более дорогих товаров и услуг.

Это повысило добросовестную конкуренцию и обеспечило прозрач-

## ПОРТАЛ СОЦИАЛЬНЫХ УСЛУГ



ность участия потенциальных поставщиков в реализации средств и услуг реабилитации.

Портал позволил улучшить качество предоставляемых ТСП и услуг, сократил сроки их получения, определил реальную

потребность в ТСП и услугах.

Получатели услуг могут воспользоваться порталом самостоятельно или с помощью сотрудников отделов занятости и социальных программ.

Получить консультацию по работе портала можно по адресу: ул.Балхашская 5, ГУ «Отдел занятости и социальных программ г.Приозерск», каб. 101, тел. 5-49-40.

**А.Ю. Литовш,**  
Заведующий сектором государственного учреждения «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»

## КАЗАХСТАН И РОССИЯ СИНХРОНИЗИРУЮТ СТРОИТЕЛЬСТВО АВТОМАГИСТРАЛЕЙ

Казахстан и Россия синхронизируют работы по строительству автомагистралей, сообщает корреспондент «Хабар 24». Это поможет спрогнозировать в будущем их пропускную способность, объём грузоперевозок между странами, а также оценить социально-

экономический эффект.

В столицу на два дня прибыла правительственная делегация из России. Заместитель Премьер-министра Казахстана Роман Скляр обсудил с российским коллегой Маратом Хуснуллиным совместные проекты в дорожной отрасли. Стороны

также переговоры о планах по реконструкции пропускных пунктов на границе из-за роста их загрузки. Это в свою очередь, по мнению чиновников, может увеличить поток туристов.

Источник: <https://24.kz>

### Сотрудничество

